

# Н ТУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫК  
ВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

декабрь

Сенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын

*Келесі жылдың егісіне жоғары сапалы тұқым қоры жеткілікті дайындап, мол өнімнің негізін осы күннен қала сөйтіп, партиямыздың XIX съезінің дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі қарарларына іспен жауап беру—облыс еңбекшілерінің бүгін таңдағы ең негізгі міндеті.*

## сапалы ік

а тұқым тазалау және осы уақытқа дейін ұлынған жоқ. 5800 центі тазаланбай комбайннан жатыр. Бұл колхозда кі қуатты машина бар. да еңбек резервтері де колхоз басшылары осынкі мүмкіншіліктерді іске егіске тұқым дайындау ді ұйымдастыруды қамтаді.

ес, тұқым тазалау, сорт-ігіштік сапаға жеткізу хов ауданындағы «Путь иров атындағы және ы Воровский атындағы дәрежесінде емес. Мәсегындағы колхозда (Пред-болдас) 5 мың центнер ың күні бүгінге дейін тазаланып, өнгіштік са-н. Ол орма, мұнда 3900 қ дән қырымдардан ас-тасылып та алынбаған.

қорының ысырапқа оның өнгіштік сапасы-өкеліп соғуда. ндарды алсақ, істің жа-Булаев Совет Пине-

## Көктемгі егіске тыңғылықты әзірлік жасалсын



### Механизаторлардың үлгілі ісі

Бұл күндері Торанғұл МТС-нің озат цехтары мен тораптарының механизаторлары тракторларды, тіркеу саймандарын жөндеп, көктемгі егіске әзірлеуде жанаямай еңбек етіп, жоғары көрсеткіштерге жетуде.

Механизаторлар Танкеев, Шабанов жолдастар тракторлардың моторын жөндейді. Бұлар —МТС-тің таңдаулылары. Тракторлар мен тіркеу саймандарын көктемгі да-ла жұмыстарына тыңғылықты әзірлеу жөнінде олар өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алған-ды. Танкеев, Шабанов жолдастар жөндеу құрал-жабдықтарын іске тиімді пайдалану нәтижесінде күндік норманы үнемі артығымен орындауға жетті. Бұл екеуі жөндеу жұмысы басталғаннан бері сменалық тапсырманы ұдайы 120 —140 процентпен орындап келеді.

Озат механизаторлар жұмыстың қарқынын арттырып, сапасын барған сайың жақсартып түсуде.

МТС-те тракторлардың артқы білігін жөндейтін торапта еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылған. Тораптың көптеген механизаторлары жөндеу жұмысында стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр-



### Қысқы агрономиялық шаралар жүзеге асырылмай отыр

Жаңа бесжылдық ішінде колхоздарда егіншіліктің мәдениеті батыл көтеріліп, дәнді дақылдардың шығымдылығы еселеп арттырылуға тиіс. Егін шаруашылығы жөніндегі бұл міндеттің ойдағыдай жүзеге асырылуы қысқы агрономиялық шаралардың мұқият ұйымдастырылуына байланысты.

Алайда, «Победа» колхозының (Булаев ауданы) басшылары егін өнімін арттырудың қысқы агрономиялық шараларын жүзеге асыруға жете назар аудармай келеді. Мұнда тұқым қорын тазалап, өнгіштік сапаға жеткізу, егістік алаңға қар тоқтату және жергілікті тыңайтқыштар жыйнау жұмыстары ойсыраған олқылыққа ұшыраған.

Егістік алаңға ылғал жыйнау ісін ойдағыдай шешу үшін қар тоқтату жұмыстарын үлгілі ұйымдастыру қажет. Осы мақсатпен бұл колхоз быйыл жүздеген гектар егістік алаңға қар тоқтатуға тиіс. Бірақ не пайда, мұндай маңызды жұмыс әлі шындап қолға алынған жоқ. Істің бетімен жіберілгені сонша, мұнда әзірленген 60-тан астам қар тоқтататын қалқандар

ойдағыдай ұйымдастырылмаған. Тұқым тазалау, сорттау жұмыстары ноябрь айының соңғы күндерінде ғана қолға алынды. Келесі жылдың егісіне тұқым дайындауға күш- мүмкіншілік толық пайдаланылмайды. Дән тазалайтын машиналар өнімсіз жұмыс істейді. Осының салдарынан колхозда күн сайын тұқым аз тазартылады.

Колхоз басшылары тұқым қорын дұрыс сақтауға мүлдем көңіл бөлмейді. Мұның өзі тұқым қорының ысырапқа ұшырауына, талап-таражға түсуіне өкеліп соққан. Мәселен, кілтін Е. Крайнова 265 центнер бидай дақылының тұқымын талап-таражға салған. Ал, колхоз басшылары бұл тұқым қорының орнын толтыру, оған кінәлі адамдарды жауапқа тарту жөнінде ешбір шара қолданбай отыр.

Колхоздың өндірістік бригадаларында еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылмаған. Сондықтан оларда көктемгі егіске әзірлік жұмыстары мүлдем бетімен жіберілген. Бригадирлер Б. Қырғызов, А. Бек-

## Москва қаласының баспасөз қызметкерлерінің жыйналысы

16 декабрьде Одақтар Үйінің коллоны залында Москва қаласының баспа қызметкерлерінің жыйналысы болды. Жыйналысты Совет Одағының Коммунистік партиясы XIX съезінің қарарларына ба-ланысты баспасөз қызметкерлерінің міндеттеріне арналды.

Жыйналысты СОКП Москва қала комитетінің секретары Капитонов жол-апты.

«Правда» газетінің бас редакторы Пшилов жолдас баяндама жасады.

Партияның XIX съезі қарарлары және И. В. Сталин жолдастың «СССР социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпаңдық еңбегінің тармаңызын сыйпаттай келіп, баяндама былай деді:

—И. В. Сталин жолдастың «СССР социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпаңдық еңбегін, он съездегі тарихи сөзін және партия XIX съезінің қарарларын насихаттау, бекшілер қалың бұқарасын бұл қарарды жүзеге асыруға жұмылдыру біздің баспасөзіміздің ең бірінші міндеті болып былады.

Мұнан кейін баяндамашы газеттер және журналдардың жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды.

Баяндамашы біздің газеттеріміз, ж

да да өндірлеумен ұшырастырылған. Бұл-  
ларда тазаланған тұқымдық дән дереу  
сортталып, шығымдылық сапаға жеткізі-  
луде.

Бірақ, облысты тұтас алғанда көктемгі  
егіске тұқым дайындаудың жайы ойдағы-  
дай емес. Бірқатар колхоздар мен совхоз-  
дардың басшылары тұқым қорын мол құ-  
йып, себу дәрежесіне жеткізу ісін мей-  
лінше кеңіе қалдырып отыр. Мұндай ша-  
руашылықтарда алдағы жылдың егісіне  
жоғары сапалы тұқым дайындауға қолда  
бар күш-мүмкіншілік сарқа пайдаланы-  
майды. Дән тазалайтын қуатты машина-  
лардың жұмыс өнімділігі өте төмен.

Преснов ауданындағы Аманкелді атып-  
дағы колхоздың басқарма мүшелері (пред-  
седателі Дүйсенбин жолдас) тұқым қорын  
толық құйып және оны тазалап, егу дәре-  
жесіне жеткізу ісін ойсыраған олқылыққа

## Мамандар колхоз өндірісін басқаруда

Алматы облысы колхоздарының үштен  
бір бөлегін агрономдар мен зоотехниктер  
басқарады. Жоғары және орта дәрежелі  
білімі бар көптеген мамандар колхоз өнді-  
рісінің жеке салаларын басқарып отыр.

Алматы ауданының «Луч Востока»  
ауылшаруашылық артелінде оннан аса аг-  
роном, зоотехник, мал дәрігері және фельд-  
шерлер жұмыс істейді. Зоотехник басқар-  
ған товарлы-сүт фермасында малды жаз-  
ғы және қысқы уақытта күтіп, азықтанды-  
ру жұмысы ұйымдастырылды, фермадағы  
жұмыстарды комплексті механикаландыру  
ісі жүзеге асырылды. Мұның өзі сыйыр-  
лардың өнімділігін едәуір арттыруға мүм-  
кіндік берді. Быйылғы жылдың 11 айында  
әрбір сыйырдан орта есеппен жылдық нор-  
ма бойынша 2050 литрдің орнына 2167  
литр сүт сауылды. Мемлекетке сүт тап-

## Жаңа топырақ тыңайтқыш

ГЕОРГИЕВКА. (Жамбыл облысы).  
(КазТАГ). Георгиевка торқалы дақылдар  
совхозында топырақ тыңайтатын машина-  
ларды сынау аяқталды. Мұны жергілікті  
рационализаторлар — токарь Халюта, ұста  
Москвичев және слесарь Алтаевтар жасап  
шығарған.

сортты тұқымды мол құйып алуы керек.  
Сол сыяқты, жай тұқымды сортты тұ-  
қымға айырбастау ісін де кезірген бастап  
қолға алу қажет.

Көктемгі егіске сортты тұқым дайы-  
ндауда агрономдарға зор міндет жүктелеті-  
ні мәлім. Олар колхоздар мен совхоздарда  
тұқым тазалау және сорттау жұмыстары-  
ның үнемі басы-қасында болып, тұ-  
қымдық дақылдың егіске мейлінше сапа-  
лы әзірленуін қамтамасыз етуге тиіс.

Белесі жылдың егісіне жоғары сапалы  
тұқым қорын жеткілікті дайындап, мол  
өнімнің негізін осы күннен қалау, сөйтіп,  
партиямыздың XIX съезінің дөңді дақыл-  
дардың шығымдылығын арттыру жөнінде-  
гі қарарларына іспен жауап беру — об-  
лыс еңбекшілерінің бүгін таңдағы ең не-  
гізгі міндеті.

сыру жоспары мерзімнен бұрын орындал-  
ды. Қабылдау пункттеріне 197 мың кило-  
грамм сүт өнімі жеткізілді.

Осы аудандағы «Горный гигант» колхозында зоотехник Иван Барашков товарлы сүт фермасын басқарады. Быйылғы жылдың аяғында фермада сыйырды автоматпен суару және электрмен сауу ісі қолданылады, жемшөп әзірлейтін жабдықтар орнатылады. Фермада мал дәрігері, малдәрігерлік академияны бітірген Веркунская жолдас бақылау жүргізіп отырады.

Артель өндірісінің жеке салаларын басқаруға мамандарды жоғарылату — жаңа және маңызды іс. Агрономдар мен зоотехниктер өздерінің білімдерін тікелей бригадалар мен фермаларда іске асыруда.

Машинаның бункеріне 2 тонна супер-  
фосфат салынады. Айналып тұратын төрт қалақты уатқыш затты ұнтақтап, тыңайтқышты жерге біркелкі төгіп отырады. «СТЗ» тракторына тіркелген осы агрегат 8 сағаттың ішінде 64 гектар жерді өңдеп шығып, 20 адамның жұмысын атқарады.

мен тіркеу саймандарын көктемгі егіске мейлінше тыңғылықты әзірлеуге тиіс.

Ж. АЛТАЕВ.

Октябрь ауданы, Торангүл МТС-і.

## Қалалық электр сетінің жұмысын жақс

Қаланың өнеркәсібінің дамуымен байланысты Петропавл қалалық электр сетінің жұмысы да едәуір ұлғайды. Үстіміздегі жылы қалалық электр сеті арқылы пайдаланылған электр қуатының мөлшері 1946 жылмен салыстырғанда, 67,2 процент асып түсті. Сол сыяқты, электр қуатын беретін линиялардың ұзындығы артып, кәсіпорындары мен жеке адамдардың электрді пайдалануы да арта түсті.

Алайда, қалалық электр сетінің басшылары тарапынан болып отырған бақылау, басшылық электр қуатын пайдаланушылардың заңды талаптарын қанағаттандыра алмай отыр. Қалалық электр сетінің директоры Гнедых жолдас сетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді жою және оны қайталамау ісіне бөлімдердің қызметкерлерін жұмылдыра алмай келеді. Электр қуатын пайдаланушылар тобының бастығы Никульников жолдас директор тарапынан бөлім жұмысына бақылаудың жоқтығымен пайдаланып, өз жұмысына, әсіресе, электр қуатын пайдалануды дұрыс есепке алу жұмысында жауапсыздық көрсетіп отыр. Пайдаланылып отырған электр қуатының өсебі шындыққа сәйкес емес. Көп реттерде жеке адамдардан пайдаланылмаған электр қуаты үшін де төлем алынатын фактілер кездесіп отырады. Үстіміздегі жылдың тек қана июль және август айларында 176.600 сом ақша артық алынған.

Электр сетінің бастығы Соколовский жолдас соңғы уақытта электр қуатын беретін линияларды техникалық жағынан жақсарту жұмысын мүлдем нашарлатып жіберді. Қалалық электр сетінің қамтуындағы линиялардың техникалық жағдайы тым қанағаттанғысыз. Электр қуаты беретін линиялардың жарамсыздығынан электр қуатының ысырабы соңғы кезде едәуір көбейді. 1952 жылы он айдың

басшылары тұқым қорын егіске мұқият әзірлеудің нақтылы шараларын қолданбай келеді.

Алдағы көктем егісіне сортты тұқым

ішіндегі электр қуатының ысырабы өткен жылмен салыстырғанда 1 миллион киловат сағат асып түскендігін айтсақ, электр қуатын беретін линиялардың қаншалықты жарамсыз күйге ұшырағандығын аңғаруға болады.

Қалалық электр сетінің басшылары электр қуатын үнемдеу үшін тиісеті дәрежеде күрес жүргізбей, электр қуатын үнемдеу жөніндегі өндіріс озаттарының пайдалы ұсыныстарын өндіріске енгізу жөнінде кәсіпорындарының басшыларына қатаң талап қоя алмай келеді. Электр шаруашылығына және жеке адамдардың электр қуатын пайдалануына техникалық бақылау нашар ұйымдастырылған. Кейбір жеке кәсіпорындары электр қуатын артық пайдалануды әдетке айналдыруда. Бірақ, қалалық электр сетінің бақылау бөлімі бұған ешқандай шара қолданбай, дәрменсіздікке салынууда. Мәселен, «Молот» артели кеңсе үшін 25 ваттық электр шамын пайдаланудың орнына 300 ваттық қуаты бар электр шамын пайдаланатын болған.

Үстіміздегі жылы электр қуатын пайдалану жөніндегі тәртіпті бұзу, сол сыяқты, электр қуатын жасырын пайдалану фактілері көбейе түсті. 1952 жылдың 10 айы ішінде талап-тарапқа салынған электр қуатының мөлшері 100 мың сомнан асып түсті. Ал, қалалық электр сетінің басшылары бұл сыяқты қылмысқа төзіп, электр қуатын пайдалану жөніндегі тәртіпті бұрмалаушыларға әкімшілік жолымен шара қолданбай отыр.

Қалалық электр сетінің директоры Гнедых жолдас мекеменің финанс жұмысына да жеткілікті көңіл бөлмейді. Мекеменің алашағы 10 айдың ішінде 400 мың сом мөлшеріне жетті. Сол сыяқты, бағалы заттардың өсебін алу жұмысы да нашар.

Қалалық электр сетінің жұмысындағы бұл сыяқты кемшіліктердің орын алып,


отырған басшылар, олардың мұқият бақылауына қолданбай келеді. Алдағы көктем егісіне сортты тұқым

Мұндай кемшіліктер мен өткізілме салынба

Қалалық электр сетінің директоры Гнедых жолдас мекеменің финанс жұмысына да жеткілікті көңіл бөлмейді. Мекеменің алашағы 10 айдың ішінде 400 мың сом мөлшеріне жетті. Сол сыяқты, бағалы заттардың өсебін алу жұмысы да нашар.

Қалалық электр сетінің жұмысындағы бұл сыяқты кемшіліктердің орын алып,

ҚКП о



Ленин ауылшаруашылық мектебі 35 рет мамандар даярлап шығарды. Осы мерзім ішінде 7 мыңнан астам комбайншылар, тракторшылар, механиктер және басқа да мамандықта адамдар арнаулы білім алып шықты.

СУРЕТТЕ: нұсқаушы Қайыр Нұрғисин трактордың моторын үйрену жөніндегі тракторшылар группасында тәжірибе сабағын өткізіп отыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Хат тасушылардың жұмысы жақсартылсын

(Тілші хаттарына шолу)

Кәзір бүкіл еліміздегі сыяқты облысымыз да да баспасөз тарату ісі қызу қарқынмен жүргізілуде. Көптеген жерлерде ауыл-село еңбекшілері газет, журналдарға ұйымшылдықпен жазылуда. Байланыс қызметкерлері мен колхоз хат тасушыларының және колхоз басқармаларының басты міндеті — еңбекшілердің жазылған газет, журналдарын үнемі деркезінде алып оқуларын қамтамасыз ету.

Алайда, кейбір колхоз хат тасушылары мен колхоз басшылары бұл мәселеге әлі күнге жеңіл-желпі қарап келеді.

Мәселен, ауылдық тілшілеріміз Ж. Сейтбеков, Б. Нұрмағамбетов және Жүсіпбеков жолдастар редакцияға жазған хаттарында: «Оқуға, жұмысқа, жолға»

колхозда хат-хабар тасу жұмысының қанағаттанғысыз екендігін жаза келіп, тілші Т. Есенбаев жолдас былай дейді.

— Колхоз хат тасушысы Пішенбаев жолдас хат-хабарларды өзі тұратын 1-бригадаға әкеледі де, 2, 3-бригадада тұратын колхозшыларға келген хат-хабарлар мен газеттерді кім болса сол арқылы беріп жібереді. Ал, колхозшылардың газеттері мен хат-хабарларын дұрыс алып отыруларына жағдай туғызу жөнінде колхоз басқармасы алдына қойған орынды тілектерін колхоз председателі Дүйсенбин жолдас ескерер емес.

— «30 жылдық Қазақстан» колхозының мүшелері, — деп жазады Совет ауданын-

## Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінде

### 17 декабрьдегі таңертеңгі мәжіліс

ВЕНА, 17 декабрь. (СОТА). Бүгінгі таңертеңгі мәжілісте бірқатар шешендер негізінен түрлі елдердің ғалымдары өздерінің сөздерін американ империалистерінің Корея мен Қытайда жүргізіп отырған бактериологиялық соғысы туралы мәселеге арнады.

Бұл мәселе жөнінде корей дәрігері Но Дин Хван бірінші болып сөз сөйледі.

Барлық бейбітшілік сүйгіш халықтар деп мәлімдеді сөзінің қорытындысында Но Дин Хван, американ агрессорларынан корей халқына қарсы жүргізіліп отырған бактериологиялық соғыстың тоқтатылуын талап етуге тиіс.

Қытай мен Кореядағы бактериологиялық соғыстың фактілерін зерттеу жөніндегі Халықаралық ғылыми комиссиясының құрамына кіретін Сан-Пауло (Бразилия) университетінің профессоры Пессоа бұл комиссияның екі ай бойы істеген жұмысының қорытындыларына тоқталды.

Қытайдың бактериолог-профессоры, Кореядағы қытай халық еріктілері отрядтарының медициналық қызметінің бастығы Чэнь Вэнь-гуй Қытай делегациясы Корея мен Қытайдағы бактериологиялық соғыс жөніндегі документтерді және документті фильмді ала келгенін, сонымен қатар, Ко-

рея мен Қытайдағы бактериологиялық соғысты зерттеу жөніндегі Халықаралық ғылыми комиссияның баяндамасын Конгреске тапсырып отырғанын мәлімдеді.

Қытай делегаты Конгресті американ интервенттерінің аюандық қаруы — бактериологиялық соғысты міндетті түрде тоқтатуға жетісуге шақырды.

Конгресс делегаттары совет ғалымы профессор Жуков-Вережниковтың сөз сөйлеуін жылы жүзбен қарсы алды.

Жуков-Вережников американдықтар таратып отырған жұқпалы ауруларға қарсы корей және қытай халықтарының қармандықпен күресіп отырғандықтары туралы талдап айтып берді.

Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясының председателі Эжени Коттонға сөз берілді. Ол Конгреске қатысушыларды бүкіл дүние жүзінің миллиондаған әйелдері атынан құттықтады.

Сол сыяқты, таңертеңгі мәжілісте бейбітшілікті қорғаудың канадалық Конгресінің председателі Джеймс Эндикотт, Финляндияның «аграрлық жастар Одағының» басшысы Олави Лахтела, Польшаның кәсіподақ қайраткері Виктор Клоевич, венгер журналисі Тибор Мараи және индия жазушысы Малати Бедекар сөз сөйледі.

### 17 декабрьдегі кешкі мәжіліс

ВЕНА, 18 декабрь. (СОТА). Конгресте кезінен өрістеген айтысқа қатысуға тілек білдірген делегаттар санының көп болуына байланысты кеше үшінші кешкі мәжіліс болды. Онда поляк священнигі Лампаре председателдік етті.

Бірінші болып өзін соғыс пен пацифистерге қарсылық көсетуші адамдар интернационалының өкілімен деп атайтын Жан Ван Лирд (Бельгия) сөз сөйледі.

Швейцарияның делегаты Крамер «Егер,

лизи, деді ол, кәзіргі уақытта Трансформациядан британ империализмін қуып шығуға әрекеттеніп, біздің елімізді «Трумен программасы» деп аталатынның тонаушылық төртінші пунктіне душар етіп отыр.

Минбеде — Португалия делегаты А. Васко Кабраль. Ол Португалия жастарының халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресіне жолдаған құттықтауын жариялады.

Ағылшын священнигі Стэнли Эванс сөз сөйледі.

анизаторлар үшін бесінші бесжылдық жөніндегі директивалар бойынша өлшемі өзіш жүр.

Өткен аптада МТС директоры Андриш-о және оның саяси жұмыстар жөнін-

Обезд қарарларымен жігерленген меха-низаторлар жөндеу жұмысының қарқынын күшейте түсуде.

**А. ПОПКОВ,**  
Соколов ауданы.

тын болады. Сауыншы А. Виножина жо-дас та «Ленин туы», «Ударник» газеттеріне, «Социалистическое животноводство Ка-захстана» журналына жазылды.

**Ә. КЕНЖЕТАЕВ.**

шаңғы жорығына қатысқан оқушы-қыздар өздерінің шаңғымен жүруге бейім-ділігін, жақсы дайындалғандығын көрсет-ті.

**Б. КАЛИЕВ.**

## Ауыл-селолық бюджетті жасау және оны орындау ісін жақсарту берейік

Ауыл-селолық Советтердің бюджеті Советтік социалистік мемлекетіміздің бюджетімен тығыз байланысты. Демек, ауыл-селолық бюджет мемлекеттік бюджеттің негізгі бір тарауы болып саналады. Ауыл-селолық бюджет шаруашылық және мәдени құрылыстарды жабдықтау жөнінде үлкен роль атқарады. Ауыл-селолық Советтер бұл қаржымен шаруашылық және мәдени құрылыстарды үздіксіз қаржыландырып отырады.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтар ішінде облысымызда ауыл-селолық бюджеттің көлемі едәуір өсті. Атап айтқанда оның кірісі мен шығысы жылдан-жылға арта түсуде. Тек соңғы екі жыл ішінде ғана селолық бюджетте тұратын әлеуметтік мәдени шаралар мен мекемелерді қаржыландыруға бөлінген қаржы бұрынғыдан едәуір артып отыр. Бұл мақсаттарға ауыл-селолық бюджеттен жұмсалған шығын 1950 жылғымен салыстырғанда 1951 жылы 113,6 процент, оның ішінде салық-ағарту ісі бойынша 111,9 процент, денсаулық сақтау ісі бойынша 102,7 процент артты.

Ал, 1952 жылғы ауыл-селолық бюджеттің кірісі мен шығысының көлемі 12573,0 мың сом болды, демек, 1950 жылғыдан 1367 мың сом артты.

Ауыл-селолық бюджеттің өсуімен бірге, бірінші жерде бюджеттен бөлінген қаржыны пайдаланудың жайы да едәуір жақсарды. Жекелеген ауыл-селолық Советтерде бюджеттің кірісі шығысынан асыра орындалды. Мәселен, Булаев ауданындағы Писарев селолық Советі үстіміздегі жылдың 8 айы ішінде бюджеттің кірісі жөнінен жоспарды 76,2 процент, Совет ауданындағы Киров селолық Советі 83,5 процент етіп орындады. Бұл сияқты ауыл-селолық Советтер облысымызда аз емес.

Әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыруда ауыл-селолық бюджеттің ролі үздіксіз артып отырса, мұның өзі ауыл-селолық бюджетті жасау және оны орындау практикасын оған сайын жақсартуды, бюджет жұмысын барлық жағынан жолға қоюды керек қылады. Тұрасым айтқанда мұның өзі ауыл-селолық Советтерге қажетті көмек көрсету жөнінде финанс орындарының, әсіресе, аудандық финанс бөлімдерінің алдына зор талаптар қояды.

Алайда, кей реттерде ауыл-селолық бюджетті жасағанда елеулі кемшіліктер мен бұрмалаушылықтарға жол беріледі. Октябрь ауданындағы Кеңес ауылдық Советінде үстіміздегі жылдың 8 айы ішінде бюджеттің кірісі 45 процент қана орындалды. Ал, Совет ауданындағы Қызыл селолық Советінде осы мерзім ішінде бюджет кірісі 47,9 процент орындалып, бюджетте қаржы белмағандықтан балалар яслиі дерезінде ашылмады. Сөйтіп, бюджет бойынша бөлінген 12,0 мың сом қаржы пайдаланылмай қалды.

Ленин аудандық финанс бөлімінің меңгерушісі Лашин және бюджет жөніндегі аға инспектор Трушин жолдастар 1952 жылы ауыл-селолық Совет бойынша жасалған бюджетті қабылдап, оны ауыл-селолық Советтердің сессияларында және бюджет комиссиясының мәжілісінде қарамастан тура аудандық Совет атқоміне бекітуге ұсынды. Сол сияқты Преснов ауданында 5 ауыл-селолық Совет бюджеті бойынша жергілікті бюджетте тұратын мекемелердің 372,0 мың сомдық сметаларына мекеме басшылары қол қоймаған. Ал, Троицкий және Благовещенск селолық Советтерінде 1951 жылы бекітілген бюджет жоспарының жыйнағы шығарылмай қалған.

Ауыл-селолық бюджеттің орындалуы бойынша ақша қаражаттары мен бағалы заттардың және өзара салықтан түскен қаражаттардың есебі көптеген ауыл-селолық Советтерде дұрыс жүргізілмейді, ал кей біреулерінде ол бетімен жіберілген. Мәселен, Октябрь ауданындағы Ленин, Булаев ауданындағы Успенск, Совет ауданындағы Көктерек және Молотов ауыл-селолық Советтерінде жұмсалған қаржы есептері дұрыс жүргізілмейді. Қаржының кірісі мен шығысын жазатын документтер кезінде жазылмайды. Бұл Советтерде мемлекеттік пошлнадан түскен қаржы да мемлекеттік банкке уақытында тапсырылып отырылмайды.

Аудандардың біразында ауыл-селолық бюджеттің орындалуын бақылап тексеру ісі мүлде қанағаттанғысыз болып келеді. Алдымен оларда жергілікті бюджеттің орындалмау себептері ашылмайды. Мысалға Пришим ауданын алайық. Аудандық финанс бөлімі (бюджет жөніндегі аға инспекторы Ақиншин жолдас) 1951 жылы 11 ауыл-селолық Советтен небары бір-ақ селолық Советтің бюджетін тексерді. Ал, үстіміздегі жылдың 10 айы

бойынша бірде-бір ауыл-селолық Советтің бюджетіне ешқандай тексеріс жүргізілген жоқ.

Ауыл-селолық Совет бюджеттерін жасаудағы және орындаудағы жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің орын алуының басты себебі сол—аудандық Совет атқомдері мен аудандық финанс бөлімдері ауыл-селолық Совет председателдерінің алдына нақтылы талап қоймайды, оларға күнбе-күн басшылық жасамайды.

Ауыл-селолық бюджетті жасау және орындау ісінде болып келген бұл сияқты кемшіліктерді жою облыстық, аудандық финанс орындарының басты міндеті. Оны ұмытуға болмайды.

Облыстық финанс бөлімі 1953 жылға ауыл-селолық бюджеттерді жасау жөнінде аудандық финанс бөлімдеріне дерезінде нұсқау беріп, оларды жаңа жыл басталғанға дейін аудандық Совет атқомдерінде бекітуді талап етуге тиіс. Ал, аудандық финанс бөлімдерінің міндеті жергілікті бюджетті жасауда ауыл-селолық Совет председателдері мен секретарьларына нақтылы көмек көрсетіп, бюджеттің кірісі мен шығысының орындалуын, әлеуметтік-мәдени шаралардың жыл бойына дұрыс қаржыландырылуын, жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек-ақысының дерезінде төленіп отырылуын тексеріп, бақылап отыру. Финанс орындары істі осылай ұйымдастырғанда ғана бұл жұмыс ойдағыдай орындалады.

**М. ТАЙБОЛАТОВ,**

ССРО Финанс Министрлігі бақылау-тексеру басқармасының Саятүстік Қазақстан облысындағы бас бақылаушы-тексерушісі.

Біздің халық, деді сында Сирияның делегаттардың досы болып та достары мен жауларын

Чилидің өкілі Ольга носса, әсіресе, латын Америка шілікті жақтаушылар және нығайту, бейбітші-тығы жолындағы күрес-рине қарсы күреспен, мен бейбіт өндірісті ұ-тын қаржыны көбейту-ныстыру, латын Амери-сихатына қарсы күрест-гін атап көрсетті.

Бразилия парламенті домино Лобо Конгреск

«УДАРНИК» К

«ЖАС ПАРТИ

Сеанс 4-ге басталады

Касса сағат 3-тен ба

1952 жылдың аяқ-нысты барлық кәсі-дар мен мекемелер-сымен мемлекеттік- (1952 жылғы) есе-№ 16 үлгі бойынша-өткізілген төлем жа-тама тапсырулары-рысу үшін аванска-лары қажет.

Тексерістен кейін мемлекеттік банкке-анықтама береді. Б мемлекеттік банк-пайды.

Облыстық жыйна-басқармасы Мемлекеттік бан-кемесі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы— 4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс ет